

Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қоры мен Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің Басқарушылар Кеңесіндегі өкілдер туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы 1998 жылғы 6 сәуірдегі N 3898. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2002.04.26. N 854 жарлығымен. ~U020854

"Қазақстан Республикасының Халықаралық валюта қорына, Халықаралық қайта құру және даму банкісіне, Халықаралық қаржы корпорациясына, Халықаралық даму қауымдастығына, Инвестициялар кепілдігінің көп жақты агенттігіне және Инвестициялық дауларды реттеу жөніндегі халықаралық орталыққа мүшелігі туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 28 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 311-құжат) сәйкес қаулы етемін:

Ораз Әлиұлы Жандосов Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қоры Басқарушысының орынбасары қызметінен босатылсын.

Александр Сергеевич Павлов Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің Басқарушысы қызметінен босатылсын.

Алтай Абылайұлы Тілеубердин Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі Басқарушысының орынбасары қызметінен б о с а т ы л с ы н .

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы Қадыржан Қабдошұлы Дәмитов Қазақстан Республикасынан Халықаралық валюта қоры Басқарушысының орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Сауат Мұхаметбайұлы

Мыңбаев Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкінің Басқарушысы болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігінің төрағасы - Қазақстан Республикасының министрі Ержан Әбірқайырұлы Өтембаев Қазақстан Республикасынан Халықаралық Қайта жаңарту және Даму Банкі Басқарушысының орынбасары болып тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК